

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 18–02/212 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 19 қыркүйектегі № 15-04/466 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 24 қыркүйекте № 7930 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 3-2/1078 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.12.2015 № 3-2/1078 (02.06.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 18–02/212 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7677 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 8 тамыздағы № 477-482 (27386) жарияланған) бұйрығына мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ереже, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекциясы комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Е. Аман

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2012 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 15-04/466 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2012 жылғы 26 сәуірдегі
№ 18-02/212 бұйрығымен
бекітілген

Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 13-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленді және оларды тану тәртібін анықтайды.

Импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты тану мына кезеңдерді қамтиды:

- 1) асыл тұқымдық өнімді (материалды) импорттауға арналған асыл тұқымдық куәліктің өтінімдері мен үлгілерін қарауды;
- 2) асыл тұқымдық куәліктің көшірмелерін (түпнұсқаларын) қарауды;
- 3) асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты тану туралы шешім қабылдау немесе дәлелді бас тартуды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) импорттық асыл тұқымдық өнімге (материалға) асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат - экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген құжат (асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат);
- 2) асыл тұқымдық куәліктің үлгісі – экспорттаушы елдердің құзыретті органдары қабылдаған асыл тұқымдық өнім (материал) туралы, сондай-ақ асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) ата-тегі, өнімділігі және өзге де сапаларының

белгілі бірізділікпен орналасқан жалпы мәліметтерінің жиынтығы;

3) асыл тұқымдық мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы – асыл тұқымдық мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелерімен асыл тұқымдық мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның комитеті;

4) асыл тұқымдық өнім (материал) – асыл тұқымды және селекциялық мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, құртшабақтар мен жас балықтар, бал араларының асыл тұқымды аналық бал аралары, асыл тұқымды бал ара ұялары мен бал ара пакеттері;

5) импорттаушы – Қазақстан Республикасына асыл тұқымды өнімді (материалды) шет елдерден әкелуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

6) Асыл тұқымдық куәліктерді немесе оған балама құжаттарды қарау жөніндегі комиссия – оларды тануға асыл тұқымдық куәліктердің немесе оған балама құжаттардың үлгілерін, көшірмелерін және түпнұсқаларын қарау құзыреті кіретін жыл сайын Комитет құрайтын алқалы орган (бұдан әрі - **К о м и с с и я**) ;

7) импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты тану - оларда көрсетілген мәліметтердің шынайылығын анықтау, сараптамалық бағалаудан өткізу, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасына тіркеу рәсімі.

2. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) импорттаушылардың өтінімдерін қарау тәртібі

3. Импорттаушы асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) межелі орны бойынша Комитетінің аумақтық бөлімшесіне төмендегілерді:

жеке тұлғалар үшін – асыл тұқымды өнім (материал) әкелуді жоспарлаған жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын және тұратын жерін;

заңды тұлғалар үшін – асыл тұқымды өнім (материал) әкелуді жоспарлаған заңды тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын, мекен жайын және бейінін және оның қ ы з м е т т ү р і н ;

экспорттаушы елдің атауын, малдың санын, түрін және тұқымын, ұрықтың немесе эмбриондардың саны олардың қай түрге және тұқымға жататынын көрсете отырып еркін нысанда өтініш береді.

Импорттаушы өтінішке экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың үлгісін қоса береді.

4. Ұсынылған үлгіде мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

1) асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты берген құзыретті
о р г а н н ы ң а т а у ы ;

2) малдың туған жері;

3) мал иесі;

4) малдың туған уақыты;

5) малдың жалған аты (болған жағдайда);

6) бірдейлендіру нөмірі (татуировка, сырға, чип, таңба – көрсетілгеннің
ішінен біреуі немесе бірнешеуі);

7) малдың тұқымы;

8) малдың жынысы;

9) тіркеу нөмірі асыл тұқымдық кітап немесе өкілетті органның тіркелімі
бойынша (олар жүргізілген жағдайда);

10) генетикалық бағалау нәтижесі, малдардың және олардың арғы ата тегінің
өнімділігі (олар жүргізілген жағдайда);

11) шежіресі (экспорттаушы елдердің талаптарына сәйкес толтырылады);

12) иесінің өзгергені туралы мәліметтер (болған жағдайда);

13) асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат берілген күні (болған
ж а ғ д а й д а) ;

14) малдың түсі және ерекше белгілері (болған жағдайда);

15) экспорттаушы елде қабылданған әдістемелер бойынша малдың индекстік
бағасының немесе мал өнімділігінің немесе экспорттаушы елде қабылданған
әдістемелер бойынша оның арғы ата тегінің бірінің дара көрсеткіштерінің болуы.

Мал шаруашылығында ата тегінің бірінің өнімділігі туралы мәліметтерді
экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында
орналастырылған құжаттарда ұсынуға рұқсат етіледі.

5. Ұрықтанған (қашырылған) малды импорттаған жағдайда болашақ
ұрпағының әкесі туралы (жалған аты, тұқымы, тіркеу нөмірі, ұрықтанған немесе
қашырылған күні) мәліметтер қосымша беріледі.

Асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатқа қосымша ретінде
жеткізуші куәландырған фермершілік есеп құжаттары бойынша малдың шығу
тегі және өнімділігі туралы деректерді ұсынуға рұқсат етіледі.

6. Комитеттің аумақтық бөлімшесіне үлгі шетел тілінде ұсынылған жағдайда,
импорттаушы өтінішке онда келтірілген мәліметтер жазбаларының мемлекеттік
немесе орыс тілдеріне ресми аудармасын қоса береді.

7. Комитеттің аумақтық бөлімшелері өтінішті тіркеуге алады және өтінішті
тіркеуге алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде үлгіні Комиссия қарау үшін
К о м и т е т к е ж о л д а й д ы .

8. Комиссия Комитеттің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің салалық
құрылымдық бөлімшелерінің, салалық ғылыми ұйымдардың өкілдерінен,

қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен тұрады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің лауазымды тұлғасы Комиссияның төрағасы болып табылады.

9. Келіп түскен асыл тұқымдық куәліктердің немесе оған балама құжаттардың үлгілерін оларды тану мүмкіндігіне қарауды Комиссия жүзеге асырады.

10. Комиссияның үлгілерді қарау мерзімі Комитетке келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

11. Үлгі қаралғаннан кейін Комиссия оң немесе теріс қорытынды шығарады, ол асыл тұқымдық өнімді (материалды) импорттауды жүзеге асыру үшін асыл тұқымды өнім (материал) әкелінетін жердегі Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне жіберіледі.

Теріс қорытынды шығарған жағдайда Комиссия өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап жібереді.

12. Осы Ереженің 4-5-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді үлгіде, немесе құзыретті органның интернет-ресурсында орналасқан құжаттарда толық көрсетпеу бас тартуға негіздеме болып табылады.

3. Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі

13. Импорттаушы асыл тұқымдық өнімді (материалды) іріктегеннен және сатып алғаннан кейін әкелінетін әр асыл тұқымды малға немесе асыл тұқымды малдың партиясына экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың көшірмелерін немесе түпнұсқаларын Комиссияға ұсынады. Болған жағдайда асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты беруді жүзеге асыратын экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында көрсетіледі.

14. Асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты тануды жүргізу үшін импорттаушы асыл тұқымды өнімнің (материалдың) межелі орны бойынша Комитетінің аумақтық бөлімшесіне төмендегілерді:

жеке тұлғалар үшін – асыл тұқымды өнім (материал) әкелуді жоспарлаған жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын және тұратын жерін;

заңды тұлғалар үшін – асыл тұқымды өнім (материал) әкелуді жоспарлаған заңды тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын, мекен жайын және бейінін және оның

қ ы з м е т т ү р і н ;

экспорттаушы елдің атауын, малдың санын, түрін және тұқымын, ұрықтың

немесе эмбриондардың саны олардың қай түрге және тұқымға жататынын көрсетіп еркін нысанда өтініш береді.

Импорттаушы өтінішке экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың үлгісін қоса береді.

15. Комитеттің аумақтық бөлімшесіне экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың көшірмелері немесе түпнұсқалары шетел тілінде ұсынылған жағдайда, импорттаушы өтінішке онда келтірілген мәліметтер жазбаларының мемлекеттік немесе орыс тілдеріне ресми аудармасын қоса береді.

Мал шаруашылығында ата тегінің бірінің өнімділігі туралы мәліметтерді экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда ұсынуға рұқсат етіледі.

Таза қанды мініс жылқылары иесінің өзгергені туралы мәліметтерді көрсете отырып, экспорттаушы мемлекеттердің жокей клубтары берген халықаралық үлгідегі куәліктері болған жағдайда әкелінеді.

16. Ұрықтанған (қашырылған) малды импорттаған жағдайда болашақ ұрпағының әкесі туралы (асыл тұқымдық куәлікке немесе оған балама құжатқа қосымша ретінде жалған аты, тұқымы, тіркеу нөмірі, ұрықтанған немесе қашырылған кезеңі қосымша беріледі.

Асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатқа қосымша ретінде жеткізуші куәландырген фермершілік есеп құжаттары бойынша малдың шығу тегі және өнімділігі туралы деректерді ұсынуға рұқсат етіледі.

17. Асыл тұқымды өнімге (материалға) асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың түпнұсқасын экспорттаушы елдің құзыретті органы растайды (басшының қолымен расталады және мөрмен куәландырылады).

18. Комиссияның асыл тұқымдық куәліктердің немесе оған балама құжаттардың көшірмелерін немесе түпнұсқаларын оларды тануды қарау мерзімі импорттаушы оларды Комитетке ұсынған күннен бастап он жұмыс күнін қ ұ р а й д ы .

19. Комиссия ашық дауыс беру жолымен дауыс басымдылығына қарай шешім қ а б ы л д а й д ы .

Комиссияның шешімі импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты тану туралы қорытынды түрінде қабылданады.

Комиссия мүшелерінің Комиссия қорытындысынан өзгеше пікірлері болған жағдайда қорытындыға Комиссияның осы мүшелерінің дәлелденген уәждері қоса т і р к е л е д і .

20. Осы Ереженің 4-5-тармақтарында көрсетілген мәліметтер асыл тұқымдық куәліктер немесе оған балама құжаттарда көрсетілген жағдайда Комиссия асыл

тұқымдық өнімді (материалды) импорттауды жүзеге асыру үшін асыл тұқымды өнім (материал) әкелінетін жердегі Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне оң қ о р ы т ы н д ы ж і б е р е д і .

Осы Ереженің 4-5-тармақтарында көрсетілген малдар туралы мәліметтерді интернет-ресурста орналастырған жағдайда, Комиссия асыл тұқымдық куәліктер немесе оған балама құжаттардың көшірмелерінде келтірілген деректерді экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған ұқсас деректермен тексереді.

21. Осы Ереженің 4-5-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді асыл тұқымдық куәліктер немесе оған балама құжаттардың көшірмелерінде толық көрсетпеген жағдайда, Комиссия импорттаушыға нақтыланған деректерді сұрату және ұсыну немесе асыл тұқымды малды ауыстыру бойынша оның шара қолдануы үшін жазбаша түрде қорытынды жібереді.

22. Төмендегі мақсаттарда, Комиссия жұмысына аумағында мал әкелінетін межелі орын орналасқан Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік инспекторлары т а р т ы л а д ы :

малдарды көзбен шолып тексеру;
асыл тұқымдық куәліктер немесе оған балама құжаттардың көшірмелерінде көрсетілген мәліметтерді асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың түпнұсқасындағы мәліметтермен салыстыру;

асыл тұқымды малдардың бірдейлендіру нөмірлерін асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың түпнұсқасындағы мәліметтермен салыстыру.

23. Мал межеленген орнына әкелінгесін және карантин аяқталғасын Комитеттің аумақтық бөлімшесінің асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша мемлекеттік инспекторы үш жұмыс күні ішінде осы Ереженің 22-тармағында көрсетілген шараларды жүргізеді.

24. Малдардың түріне және өнім бағытына қарай асыл тұқымдық куәліктер немесе оған балама құжаттардың көшірмелерінде көрсетілген барлық мәліметтер асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттардың түпнұсқаларымен, сонымен қатар бірдейлендіру нөмірлері сәйкес келген жағдайда мал межеленген орнына әкелінгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық бөлімшесі өтінім берушіге асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттардың танылғандығы туралы жазбаша түрде хабарлайды және тізімін қоса ж і б е р е д і .

25. Комитеттің аумақтық бөлімшесі өтініш берушіге танудан бас тарту себебін көрсетіп жазбаша түрде уәжді жауап қайтарады және оған танудан бас тартылған асыл тұқымдық куәліктердің немесе оған балама құжаттардың тізімін қ о с а ж і б е р е д і :

асыл тұқымдық куәліктер немесе оған балама құжаттардың көшірмелерінде

көрсетілген мәліметтерді асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың түпнұсқасындағы мәліметтерге сәйкес келмесе; асыл тұқымды малдардың бірдейлендіру нөмірлерін асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың түпнұсқасындағы мәліметтермен салыстыру кезінде айырмашылықтар анықталса.

26. Асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты танудан бас тартылған жағдайда, жауапта көрсетілген ескертулерді жойғаннан кейін Комитеттің аумақтық бөлімшесіне асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты тану рәсімін өткізу мақсатында өтініш берушінің қайтадан өтініш беруге қ ұ қ ы ғ ы б а р .

27. Асыл тұқымдық куәліктерді немесе оған балама құжаттарды танудан бас тарту туралы шешімге өтініш беруші уәкілетті органға және (немесе) сотқа заңнамада белгіленген тәртіпте шағым жасай алады.